

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 24 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 24 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 24 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы ереже;
- 2) Қазақстан Республикасының кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті одан Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Геодезия және картография комитетін бөліп шығару жолымен қайта ұйымдастырылсын.

3. Мыналар:

- 1) "Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті" респубикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті" респубикалық мемлекеттік мекемесі;
- 2) "Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті" респубикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті" респубикалық мемлекеттік мекемесі;
- 3) "Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті" респубикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш

өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

4) "Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі болып;

5) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес республикалық мемлекеттік мекемелер – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің аумақтық бөлімшелері;

6) Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің "Микрография ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің "Микрография ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік мекемесі болып ;

7) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес республикалық мемлекеттік кәсіпорындар қайта аталсын.

4. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі осы қаулыға 2-қосымшаның 1-тармағында көрсетілген республикалық заңды тұлғага қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган;

2) Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі осы қаулыға 2-қосымшаның 2-тармағында көрсетілген республикалық заңды тұлғага қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган;

3) Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті осы қаулыға 2-қосымшаның 3-4-тармақтарында көрсетілген республикалық заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган;

4) Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Геодезия және картография комитеті осы қаулыға 2-қосымшаның 5-6-тармақтарында көрсетілген республикалық заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган;

5) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті осы қаулыға 2-қосымшаның 7-тармағында көрсетілген республикалық заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган болып айқындалсын.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес заңды тұлғалардың мемлекеттік акциялар пакеттері мен қатысу үлестерін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне және оның ведомстволарына берсін;

2) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес заңды тұлғалардың мемлекеттік акциялар пакеттері мен қатысу үлестерін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігіне берсін.

6. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі, Ұлттық экономика, Индустрія және инфрақұрылымдық даму, Ауыл шаруашылығы министрліктері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

7. "Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 наурыздағы № 142 қаулысының 1-тармағы 2) тармақшасының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2019 ж., № 5-6, 64-құжат) күші жойылды деп танылсын.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі А. Мамин**

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 12 шілдедегі
№ 501 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі туралы ереже**

**Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2021 № 992 (қолданысқа
енгізу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) аэроғарыш және электрондық өнеркәсіп, инновациялық қызмет салаларында, елдің ғылыми-техникалық дамуы, геодезия, картография және кеңістіктік деректер, ақпараттандыру, "Электрондық үкімет", дербес деректер және оларды қорғау, цифрлық активтер, жобалық басқару

салаларындағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында, сондай-ақ байланыс, мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты дамыту салаларында және деректерді басқару бойынша (бұдан әрі – реттелетін салалар) басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 02.05.2023 № 347 қаулысымен.

2. Министрліктің мынадай ведомстволары бар:

- 1) "Аэроғарыш комитеті" респубикалық мемлекеттік мекемесі;
- 2) "Ақпараттық қауіпсіздік комитеті" респубикалық мемлекеттік мекемесі;
- 3) "Телекоммуникациялар комитеті" респубикалық мемлекеттік мекемесі;
- 4) алдың тасталды - ҚР Үкіметінің 27.04.2024 № 342 қаулысымен;**

5) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті" респубикалық мемлекеттік мекемесі;

6) "Жасанды интеллект және инновацияларды дамыту комитеті" респубикалық мемлекеттік мекемесі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 27.04.2024 № 342 қаулысымен.

3. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен зандарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Министрлік мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы занды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлөрі және қазақ тілінде өз атауы бар мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.03.2024 № 169 қаулысымен.

5. Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Егер Министрлікке Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, оның мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуына құқығы бар.

7. Министрлік өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Министрлік басшысының бүйрығымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Министрліктің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Министрліктің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы , Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, № 55/5-ғимарат.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2022 № 834 (ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Министрліктің қызметін қаржыландыру респубикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Министрлікке өз өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Министрлікке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органдың міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

1) реттелетін салаларда тиімді мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүргізу, сондай-ақ бәсекеге қабілетті аэрофарыш өнеркәсібін дамыту және ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздікті, ғарыш қызметі саласында, дербес деректер мен оларды қорғау саласында, байланыс саласында ұлттық ресурстарды бөлу мен пайдалануды қоса алғанда, байланыс саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ өз құзыреті шегінде техникалық реттеу, өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласына және байланыс саласындағы стандарттау саласына қатысу және оны іске асыруды қамтамасыз ету, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды, геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласын, инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласын қалыптастыру және олардың дамуын қамтамасыз ету, инновациялық қызмет, елдің ғылыми-техникалық дамуы саласындағы елішілік құндылықты дамыту, байланыс қызметтері нарығының тиімді дамуы мен жұмыс істеуі;

2) Министрліктің құзыретіне жатқызылған қызмет саласында басшылықты жүзеге асыру және мемлекеттік органдарды салаарапты үйлестіру;

3) реттелетін салалардағы мемлекеттік басқару және мемлекеттік бақылау;

4) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын бақылауды қамтамасыз ету;

5) Қазақстан Республикасының ғарыш саласын қалыптастыру және дамыту;

6) ғарыштық технологиялар мен көрсетілетін қызметтер нарығын қалыптастыру үшін жағдай жасау;

7) Қазақстан Республикасында ғарыш қызметінің заңнамалық және шарттық-құқықтық базасын құру;

8) өз құзыреті шегінде "Байқоңыр" кешенін Ресей Федерациясының жалға алуы жөніндегі жұмыстарды үйлестіру;

9) пошта және байланыс саласындағы үйлестіру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында пошта саласындағы қызметті және байланыс саласында қызмет көрсететін немесе оларды пайдаланатын тұлғалардың қызметін реттеу;

10) ақпараттандыру және "электрондық үкімет" саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

10-1) деректерді басқару бойынша салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

10-2) деректерді басқару мемлекеттік саясатын іске асыруды қамтамасыз ету;

10-3) мемлекеттік басқаруды цифрлық трансформациялауды салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

11) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;

12) Қазақстан Республикасының байланыс инфрақұрылымын қалыптастыруды, дамытуды және қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыretі шегінде реттелетін салалардағы халықаралық ынтымақтастық;

14) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, байланыс және мемлекеттік қызметтерді көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру;

15) мемлекеттік басқарудың тиісті саласында (аясына) басшылықты жүзеге асыру;

16) геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;

17) инновациялық жүйені жоспарлау, мониторингілеу, ынталандыру, дамыту;

18) дербес деректер және оларды қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

19) инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

19-1) мемлекеттік технологиялық саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

20) байланыс қызметтері нарығының тиімді жұмыс істеуі үшін байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

21) өз құзыretі шегінде байланыс саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу мен бақылауды жүзеге асыру;

22) жобалық басқару саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру;

23) жасанды интеллект саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру.

Ескерту. 13-тармакқа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.04.2022 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.09.2022 № 749; 16.02.2023 № 133; 15.03.2023 № 217; 02.05.2023 № 347; 04.08.2023 № 644; 27.04.2024 № 342 қаулыларымен.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде орындауға міндettі нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

заннамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардыңлауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұратады және алады;

Қазақстан Республикасының Президентіне және Үкіметіне Министрлік реттейтін салалардағы қызметті жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;

халықаралық шарттар (келісімдер) жасасу бойынша ұсыныстар енгізеді, шет елдердің тиісті ведомстволарымен, халықаралық ұйымдарымен және шетелдік заңды тұлғалармен келіссөздер жүргізеді, шарттар (келісімдер) жасасады;

ұлттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

әрекеттері (немесе әрекетсіздігі) Қазақстан Республикасының ұлттық мұдделерінің бұзылуына, ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төнуіне алып келетін лауазымды адамдарды, мемлекеттік қызметшілерді тиісті жауаптылыққа тартады;

2) міндettтері:

бюджет қаражатын бірыңғай бюджеттік сыныптамаға, жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелерге, оларға сай бюджет қаражаты бөлінген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес пайдалану;

акционерлік қоғамның (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің) алған таза табысын бөлу туралы шешімнің уақтылы қабылдануын және акционерлік қоғамның (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің) мемлекетке тиесілі акцияларға (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы қатысу үлестеріне) арналған дивидендерді (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің таза табысының бір бөлігін) жалғыз акционер (қатысушы) шешім қабылдаған күннен бастап он күн ішінде аударуын қамтамасыз ету;

мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындастырын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету.

15. Функциялары:

1) реттелетін салаларда мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және іске асыруды қамтамасыз ету;

2) стратегиялық, реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыру;

3) реттелетін салалардағы біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен келісу және қабылдау;

4) реттелетін салалардағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

5) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, тексеру парақтарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын әзірлеу және бекіту;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыру;

- 7) өз құзыреті шегінде реттелетін салалардағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, келісу және бекіту;
- 8) реттелетін салаларда салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес соттарға талап-арыздар беру;
- 10) құзыреті шегінде жеке кәсіпкерлік мұдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларына, реттеушілік саясаттың консультативтік құжаттарына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының жобаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ииеттенетін халықаралық шарттарға сараптама жүргізуге қатысуға үміткер жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерін аккредиттеуді жүзеге асыру;
- 11) ақпараттандыру саласындағы сараптама кенесінің құрамын және оның қызметі туралы ережені бекіту;
- 12) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптама кенесін құру;
- 13) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындастырын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді бекіту;
- 14) реттелетін салаларда шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиялардың (комитеттердің, кенестердің) және олардың кіші комиссияларының (кіші комитеттердің, жұмыс топтарының) қазақстандық бөлігін жүргізу;
- 15) реттелетін салаларда кадрлар қажеттігін айқындау;
- 16) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша мемлекеттік акциялар топтамасына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) иелік ету және пайдалану құқығын, сондай-ақ республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерге, сондай-ақ сенімгерлік басқарудағы ұйымдарға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті органның функцияларын жүзеге асыру;
- 17) Министрлікте мемлекеттік қупиялардың және таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың қорғалуын қамтамасыз ету;
- 18) Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз ету;
- 19) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуді қоса алғанда, ғарыш қызметі саласындағы жобалар мен бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз ету;
- 20) ғарышкерлікке үміткерлерді іріктеу және ғарышкерлікке үміткер, ғарышкер мәртебесін беру тәртібін бекіту;
- 21) қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақатының, мертігуінің, ауруының салдарынан болған мүгедектік белгіленген кезде, сондай-ақ қызметтік

міндеттерін атқаруға байланысты қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда ғарышкерлікке үміткерге, ғарышкерге біржолғы өтемекі төлеу тәртібін айқындау;

22) ғарышкерлікке үміткерді, ғарышкерді жыл сайынғы профилактикалық тексерулермен, медициналық және санаторий-курорттық емделумен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту;

23) ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу тәртібін бекіту;

24) Қазақстан Республикасының ғарышкерлер жасағы туралы ережені бекіту;

25) жеке және (немесе) занды тұлғаларға ғарыш аппараттары транспондерлерін ұсыну тәртібін бекіту;

26) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Жерді қашықтан зондтаудың ғарыш жүйесі ұлттық операторының ғарыш түсірілімдерін жоспарлау, Жерді ғарыштан қашықтан зондтау деректерін алу, өндөу және тарату тәртібін айқындау;

27) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, дәлдігі жоғары спутниктік навигация жүйесі ұлттық операторының спутниктік навигациялық қызметтерді ұйымдастыру және ұсыну тәртібін айқындау;

28) ғарыш жүйелерінің ұлттық операторларын айқындау;

29) ғарыш инфрақұрылымы объектілерін жасау, пайдалану және дамыту шығындарын есептеу әдістемесін бекіту;

30) Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ ғарыш кеңістігінде ғарыш жүйелерін, Қазақстан Республикасының аумағында ғарыш зымыран кешендерін құру және пайдалану (қолдану) қағидаларын бекіту;

31) мұдделі мемлекеттік органдармен келісу бойынша Қазақстан Республикасында жерүсті ғарыш инфрақұрылымы объектілерінің күзет аймақтарын белгілеу қағидаларын бекіту;

32) пайдаланудан шығарылған ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды кәдеге жарату тәртібін айқындау;

33) ғарыш қызметі саласындағы аяқталған жобалар бойынша нәтижелерді қабылдау тәртібін бекіту;

34) ғарыш қызметі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру және халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттерде Қазақстан Республикасының мұддесін білдіру;

35) ғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру;

36) халықаралық стандарттарға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ғарыш кеңістігіне ұшырылатын Қазақстан Республикасының ғарыш объектілерін таңбалау тәртібін айқындау;

37) ғарыш қызметі саласындағы жобаларға салалық сараптаманы жүзеге асыру тәртібін айқындау;

38) ғарыш қызметі саласындағы және "Байқоңыр" кешені бойынша халықаралық шарттардан туындаитын Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындауды және құқықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ халықаралық шарттардың басқа да қатысушыларының өз міндеттемелерін орындауын қадағалау;

39) Ресей Федерациясы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан жүзеге асыратын ғарыш аппараттарын ұшыру және/немесе зымырандарды сынақтық ұшыру жоспарлары бойынша қорытындыларды әзірлеу, келісу және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу;

40) Қазақстан Республикасы үшін жасалатын ғарыш техникасын өндіруге арналған мемлекеттік тапсырмалардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізу;

41) ғарыш объектілері тіркелімінің нысанын бекіту;

42) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі құқықтық, әкімшілік және өзге де шараларды әзірлеу, олардың іске асырылуы мен сақталуын бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызметті ведомствоаралық үйлестіру;

43) "электрондық үкіметтің" ақпараттық объектілерінің және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынақтар жүргізу әдістемесі мен қағидаларын бекіту;

44) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша "электрондық үкімет" ақпараттандыру объектілерінің және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің ақпараттық қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту;

45) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірынғай талаптардың орындалуына мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту;

46) әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде, төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы енгізілген кезде интернет-ресурстарды және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін басқару жөніндегі қызметті үйлестіруді жүзеге асыру;

46-1) мемлекеттік органдар үшін жүйелі лицензиялық бағдарламалық қамтылымды сатып алушы жүзеге асыру;

47) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінде белгіленген тәртіппен хаттамалар толтыру, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау және әкімшілік жаза қолдану;

48) домендік атаулардың әкімшісін және тіркеуішін айқындау, интернеттің қазақстандық сегментінің кеңістігінде домендік атауларды тіркеу, пайдалану және бөлу қағидаларын бекіту;

49) электрондық ақпараттық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасының жұмыс істеу қағидаларын, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің электрондық ақпараттық ресурстарын резервтік көшірудің мерзімділігін бекіту;

49-1) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін резервке қоюды қамтамасыз ету;

50) қорғау бейіндерін және қорғау бейіндерін әзірлеу әдіstemесін бекіту;

51) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 09.07.2024 № 538 қаулысымен;

52) электрондық ақпараттық ресурстарды резервтік көшірмелерін электрондық ақпараттық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасына беру тәртібін және мерзімдерін бекіту;

53) ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйелерінің болуы туралы, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптардың сақталуы туралы мәліметтерді банктердің Қазақстан Республикасының Ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығына ұсыну қағидалары мен мерзімдерін келісу;

54) өз құзыреті шегінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және өткізу бойынша ведомствоның бағынысты ұйымдардың қызметіне басшылық жасау;

55) Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін құқықтық реттеу жөнінде ұсыныстар, оның ішінде тиісті шешімдердің жобаларын енгізу;

56) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер талаптарының орындалмағаны үшін мемлекеттік органдар мен ұйымдар басшыларының жауапкершілігі туралы ұсыныстар енгізу;

56-1) кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңеспен келісу бойынша жыл сайынғы негізде кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті органға кәсіптер тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар енгізу;

56-2) кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңеспен келісу бойынша жыл сайынғы негізде кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) жаңарту жөнінде ұсыныстар әзірлеу және оларды кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті органға жіберу;

56-3) монополияға қарсы органмен келісу бойынша "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы өндіретін және (немесе) өткіzetін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағаларды белгілеу;

56-4) кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңеспен келісу бойынша кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті органға Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық

кеңестің отырысында қарау үшін кәсіптік біліктілікті тану шарттары бойынша ұсыныстар енгізу;

56-5) кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен салалық біліктілік шеңберлерін әзірлеу және (немесе) жаңарту;

56-6) кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер сыйыптауышының, салалық біліктілік шеңберлерінің негізінде кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) жаңарту;

56-7) Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының қорытындысын ескере отырып, кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңеспен және кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша кәсіптік стандарттарды бекіту;

56-8) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша жыл сайынғы негізде ағымдағы және болашақ кезеңдерде кәсіптердің өзектілігін ескере отырып, еңбек нарығының кәсіптік біліктілікті танудағы қажеттілігін кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен қалыптастыру;

57) байланыс желілерін салу, пайдалану және дамыту мәселелері жөнінде шешімдер қабылдау кезінде жеке және заңды тұлғалардың ұлттық қауіпсіздікті сактау талаптарын бекіту;

58) Қазақстан Республикасының радио қызметтері арасында барлық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдарға арналған 3 кГц-тен 400 ГГц-ке дейінгі жиіліктер ауқымында жиіліктер белдеуін бөлу кестесін бекіту;

59) күзетіletін аймақтарды белгілеу тәртібі мен олардағы жұмыс режимін қоса алғанда, Қазақстан Республикасындағы телекоммуникация желілерін күзету қағидаларын бекіту;

60) жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) иелікке беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану, сондай-ақ азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізу қағидаларын бекіту;

61) радиожиілік спектрін пайдалануға арналған рұқсатты ресімдеу және беру қағидаларын бекіту;

61-1) радиожиілік спектрінің конверсиясын жүргізу қағидалары мен радиожиілік спектрінің конверсиясын жүргізуге жұмсалатын шығындардың техникалық-экономикалық негіздемесінің әдістемесін бекіту;

62) трафикті өткізу және өзара есеп айырысу тәртібін қоса алғанда, телекоммуникация желілерінің қосылу және өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту;

63) байланыс саласындағы техникалық регламенттерді бекіту;

63-1) бірлесіп пайдалану тіреуіштеріне телекоммуникация құралдарын орналастыру тәртібін бекіту;

63-2) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен келісу бойынша заңсыз пайдаланылатын радиоэлектрондық құралдардың, оның ішінде байланыс сигналдарын күшеткіштердің, жоғары жиілікті құрылғылардың, радиосигналды бұғаттауға арналған арнаулы техникалық жабдықтың жұмысын анықтау және оның жолын кесу қағидаларын бекіту;

63-3) Қазақстан Республикасының аумағында байланыс инфрақұрылымының қолжетімділігін ұйымдастыру;

64) нөмірлеу ресурсын бөлу және нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды алып қою тәртібін айқындау;

65) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 09.07.2024 № 538 (22.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;

66) мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қоғамдық мониторинг қорытындысын ескере отырып, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру жөнінде шаралар қабылдау;

66-1) "бір терезе" қағидаты бойынша өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсынуды ұйымдастыру кезінде мемлекеттік органдардың архитектурасын әзірлеуді үйлестіру;

66-2) орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда бизнес-процесстерді цифрлық трансформациялауды және олардың реинжинирингін үйлестіру;

66-3) мемлекеттік ақпараттандыру обьектілерінің интеграциясы мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

67) телекоммуникация желілері мен құралдарының техникалық үйлесімділігін қамтамасыз ететін нормаларды, байланыс қызметтерінің сапа көрсеткіштерін, тарифтеу бірліктері мөлшерлерін бекіту;

68) Қазақстан Республикасының байланыс әкімшілігі ретінде өз құзыреті шегінде халықаралық байланыс одақтары мен ұйымдарында Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру және қорғау;

69) телекоммуникация желілері мен құралдары бүлінген кезде келтірілген шығындарды анықтау тәртібін айқындау;

70) пошта байланысының қызметтерін көрсету қағидаларын бекіту;

71) Халықаралық электр байланысы одағының радиобайланыс регламентіне сәйкес радиожиілік спектрін перспективалы пайдалану жоспарын бекіту;

71-1) радиожиілік спектрін қайта бөліп беру (пайдалануды қайта орналастыру) қағидаларын бекіту;

72) ауылдық елді мекендерде көрсетілетін, субсидияланатын байланыстың әмбебап көрсетілетін қызметтеріне бағалардың шекті деңгейін реттеу тәртібін айқындау;

73) Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өкілеттіктер шегінде әрекет ету, басқа мемлекеттермен,

халықаралық одақтармен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл кезінде Қазақстанның пошта байланысы саласындағы мүдделерін білдіру және қорғау;

- 74) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 09.07.2024 № 538 қаулысымен;
- 75) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 09.07.2024 № 538 (22.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;
- 76) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 09.07.2024 № 538 қаулысымен;
- 77) Ұлттық пошта операторын айқындау;
- 78) пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін және филателиялық өнімді шығару, өткізу қағидаларын бекіту;
- 79) Қазақстан Республикасында пошта индекстерін беру жөніндегі қағидаларды бекіту;
- 80) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасында пошта қызметін жетілдіруге және дамытуға бағытталған пошта саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту және олардың іске асрылуын ұйымдастыру;
- 81) ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісу бойынша жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізу мақсатында пошта байланысы желілері мен құралдарына қойылатын талаптарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының пошта желілерінде жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын енгізу және пайдалану кезіндегі өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту;
- 82) операторды тағайындау және тағайындалған оператордың өкілеттіктерін кері қайтарып алу қағидаларын бекіту;
- 83) операторды тағайындау және тағайындалған оператордың өкілеттіктерін кері қайтарып алу;
- 84) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 09.07.2024 № 538 қаулысымен;
- 85) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 09.07.2024 № 538 қаулысымен;
- 86) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 09.07.2024 № 538 қаулысымен;
- 87) пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерінің сапа көрсеткіштерін бекіту;
- 87-1) Ұлттық пошта операторы ауылдық елді мекендерде көрсететін мемлекеттік қызметтер бойынша шығындарды өтеу қағидаларын бекіту;
- 88) пошта операторларының қызметтер көрсетуіне қажетті және жеткілікті, пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушылардың дербес деректерінің бірыңғай тізбесін бекіту;
- 89) пошта төлемінің мемлекеттік белгілеріне қойылатын талаптарды Дүниежүзілік пошта одағының актілеріне сәйкес айқындау;
- 90) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 09.07.2024 № 538 қаулысымен;
- 91) Қазақстан Республикасының занды тұлғалары болып табылатын куәландыруышы орталықтарды аккредиттеу;

92) байланыс қызметтері сапасының техникалық өлшемдерін өлшеу әдістемелерін бекіту;

93) байланыс саласындағы ұлттық ресурстарды басқару;

94) телекоммуникациялар желілерінде мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасасу қағидаларын бекіту;

95) ұялы байланыс желілерінде абоненттік нөмірді көшіру қағидаларын және ұялы байланыс желілерінде абоненттік нөмірді көшіру қызметтерін енгізу күнін бекіту;

95-1) байланыс операторларының абоненттер туралы қызметтік ақпаратты жинау мен сақтауды жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

96) кабельдік арнаны пайдалануға беру қағидаларын бекіту;

97) ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларын тіркеу қағидаларын бекіту;

98) қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы телекоммуникацияларының желілеріне қойылатын талаптарды бекіту;

98-1) әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің қағидаларын әзірлеу және бекіту;

99) Қазақстан Республикасының байланысын дамыту мен жетілдірудің негізгі бағыттары мен басымдықтарын іске асыру, оның сапасын, қолжетімділігін және жұмыс істеуінің орнықтылығын арттыру және ұсыныстар әзірлеуді ұйымдастыру;

100) субсидиялау мөлшерін есептеуді және Министрліктің байланыс операторларына әмбебап қызметтер көрсету жөніндегі міндеттерді жүктеуі тәртібін қоса алғанда, әмбебап қызмет көрсету операторларын айқындау жөніндегі конкурсты өткізу қағидаларын, байланыс операторларына қойылатын байланыстың әмбебап қызметтерін көрсету жөніндегі талаптарды және байланыстың әмбебап көрсетілетін қызметтерінің тізбесін әзірлеу және бекіту;

101) байланыс саласындағы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісу, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік органдарымен бірлесіп байланыс операторларының байланыс саласындағы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қызметтің үйлестіруді жүзеге асыру;

102) тарифтерді қалыптастыру қағидаларын бекіту;

103) табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтің жүзеге асыру қағидаларын бекіту;

104) реттеліп көрсетілетін қызметтерді берудің ұлгілік шарттарын бекіту;

105) реттеліп көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту;

106) пошта төлемінің мемлекеттік белгілерінің түрлері мен шығарылу көлемін бекіту;

107) байланыс саласындағы қатынастарды реттеу мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарau;

108) радиоэлектрондық құралдарды, жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу қағидаларын және байланыс қызметтерін көрсету қағидаларын бекіту;

109) байланыс саласындағы ұлттық ресурстарды тарату және пайдалану, сондай-ақ өз құзыretі шегінде байланыс саласындағы техникалық реттеу, өлшем біrlігін қамтамасыз ету және стандарттау саласында қатысу және оның іске асырылуын қамтамасыз ету;

110) бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік "112" қызметіне қонырау шалушы абоненттің орналасқан жерін анықтау және әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар қатері төнген немесе туындаған және қатері жойылған, төтенше жағдай енгізілген кезде қорғаныс, қауіпсіздік және құқық тәртібі мүддесінде халықтың ұялы байланыс телефондарына қысқа мәтіндік хабарламалар жіберу жөнінде байланыс операторларының желілерін пайдалану тәртібін белгілеу;

110-1) ұялы байланыстың абоненттік құрылғылары арқылы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы халықты орталықтандырылған шұғыл хабардар етуді қамтамасыз ету;

111) байланыс қызметтері нарығының жұмыс істеуі үшін өз құзыretі шегінде жағдайлар жасау;

111-1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша деректер беру желілерінің статикалық мекенжайларының тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекіту;

111-2) цифрлық технологияларды енгізу мақсатында ауыл шаруашылығындағы және өнеркәсіп объектілеріндегі байланыстың көрсетілетін қызметтерін субсидиялау қағидаларын бекіту;

111-3) ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісу бойынша геостационарлық емес спутниктерді қолдана отырып, байланыс желілерін пайдалану тәртібін бекіту;

112) телекоммуникация желілерін ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желісіне қосу және Қазақстан Республикасының ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желісі бойынша трафикті өткізуі реттеу қағидаларын бекіту;

113) телекоммуникация және пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері саласындағы нарық субъектілерінің тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) және инфрақұрылымға кемсітүшіліксіз қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында тауар нарықтарына талдау жүргізу;

114) өз құзыretі шегінде табиғи монополиялар саласындағы және реттелетін нарықтардағы телекоммуникациялар мен пошта байланысының қызметтері аясындағы реттеу мен бақылау саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді, оның ішінде табиғи монополиялар субъектілерінің кірістерді, шығындарды және қолданысқа енгізілген

активтерді бөлек есепке алуды жүргізуі қағидаларын, қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына келетін пайда мөлшерлемесін есептеу жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеу және қабылдау;

115) пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін қоспағанда, пошта операторының пошта төлемі белгілерін келісуі, оны пайдалану тәртібін және пошта операторының пошта төлемі белгілеріне қойылатын талаптарды айқындау;

116) пошта төлемі белгілерінің мемлекеттік коллекциясын қалыптастыру;

117) пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін айналымға енгізуді жүзеге асыру;

118) Қазақстан Республикасы аумағында пошта саласындағы қызметті реттеуді жүзеге асыру;

119) филателиялық өнім ретінде пайдалану мақсатында пошта төлемінің мемлекеттік белгісін пошта айналымынан алуды жүзеге асыру;

120) әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай қатері төнген немесе туындаған, сондай-ақ төтенше жағдай енгізілген кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тізбе бойынша үкіметтік байланысты, шұғыл қызметтердің байланыс желілері мен құралдарын қоспағанда, байланыс желілері мен құралдарын басымдықпен пайдалануга, сондай-ақ олардың қызметін тоқтата тұруға құқығы бар мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасай отырып, байланыс желілерін басқару;

121) іс-әрекеттері (немесе әрекетсіздігі) Қазақстан Республикасының ұлттық мұдделерінің бұзылуына, ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төнуіне алып келетін лауазымды адамдарды, мемлекеттік қызметшілерді тиісті жауаптылықта тарту;

122) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 12.03.2024 № 169 қаулысымен;

123) Қазақстан Республикасының негізгі куәландыруши орталығының, мемлекеттік органдардың куәландыруши орталығының және Қазақстан Республикасының ұлттық куәландыруши орталығының тіркеу куәліктерін беру, сактау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидаларын бекіту;

124) Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапының электрондық цифрлық қолтаңбасының төлнұсқалығын растау қағидаларын бекіту;

125) Қазақстан Республикасының негізгі куәландыруши орталығының, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландыруши орталығының, Қазақстан Республикасы ұлттық куәландыруши орталығының және Қазақстан Республикасы сенім білдірілген үшінші тарапының қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;

126) Қазақстан Республикасының негізгі куәландыруши орталығын, мемлекеттік органдардың куәландыруши орталығын, Қазақстан Республикасының ұлттық куәландыруши орталығын және Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші

тарапын қоспағанда, куәландыруши орталықтың тіркеу күеліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидаларын бекіту;

127) объектілік сәйкестендіргіштердің қазақстандық сегментіндегі объектілік сәйкестендіргіштерді тіркеу, қайта тіркеу және олардың күшін жою қағидаларын бекіту;

128) шет мемлекеттердің куәландыруши орталықтарының, сенім білдірілген үшінші тараптарының Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапымен өзара іс-қимылын тіркеу және тоқтату қағидаларын бекіту;

129) электрондық цифрлық қолтаңбаның төлнүсқалығын тексеру қағидаларын бекіту;

129-1) жай электрондық қолтаңба арқылы куәландыруға жатпайтын мәмілелер тізімін бекіту;

130) куәландыруши орталықтарды аккредиттеу туралы куәлікті беру және кері қайтарып алу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

Ескерту. 130) тармақша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.09.2022 № 749 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз).

131) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құруға, дамытуға және қолдан отыруға арналған шығындарды есептеу әдістемесі мен олардың нормативтерін бекіту;

132) ақпараттық жүйелердің аудитін жүргізу қағидаларын бекіту;

133) мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингі ақпараттық жүйесінің ақпараттық жүйелермен ақпараттық өзара іс-қимылы қағидаларын бекіту;

134) куәландыруши орталықтың үлгілік ережесін бекіту;

135) "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметтерді құру, дамыту, пайдалану, сатып алу қағидаларын бекіту;

Ескерту. 135) тармақша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.09.2022 № 749 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз).

135-1) жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен, сөulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы уәкілетті органмен және жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу және жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық зерттеп-қараша саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу және бақылау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша жария кадастрық картаны жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

135-2) оператордың мемлекеттік органдарға көрсететін ақпараттық-коммуникациялық қызметтер тізбесін бекіту;

136) "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына бекітілетін "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерінің тізбесін бекіту;

137) "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына бекітіп берілетін "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілерінің тізбесін қалыптастыру қағидаларын бекіту;

138) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 09.07.2024 № 538 (22.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;

139) ақпараттандыру объектілерін сыйыптау қағидаларын және ақпараттандыру объектілерінің сыйыптауышын бекіту;

140) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларын бекіту;

141) "электрондық үкіметтің" сыртқы шлюзінің жұмыс істеу қағидаларын және оған қойылатын техникалық талаптарды бекіту;

142) ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын ақпаратпен толықтыру қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту;

143) Қазақстан Республикасының ұлттық шлюзі арқылы мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыратын ақпараттық жүйелер мен электрондық ақпараттық ресурстардың тізбесін бекіту;

143-1) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдардың бизнес-эріптестердің тізлімімен интеграциялануға жататын ақпараттандыру объектілерінің тізбесін бекіту;

144) "электрондық үкіметтің" архитектурасын қалыптастыру және іске асырылуын мониторингтеу қағидаларын бекіту;

Ескерту. 144) тармақша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.09.2022 № 749 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз).

145) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.09.2022 № 749 қаулысымен;

146) инвестициялық ұсыныстарға, бюджеттік инвестиациялардың қаржы-экономикалық негізdemelerіне ақпараттандыру саласындағы сараптаманы жүргізу қағидаларын бекіту;

147) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша ақпараттандыру саласындағы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға арналған шығыстардың есеп-қисабын жасау, ұсыну және қарау жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

148) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.09.2022 № 749 қаулысымен;

149) қызметтер көрсету мен олардың құнын айқындау тәртібін қоса алғанда, "Астана Хаб" халықаралық технологиялық паркі қызметінің қағидаларын бекіту;

150) "Астана Хаб" халықаралық технологиялық паркінің қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;

150-1) "Астана Хаб" халықаралық технологиялық паркін айқындау;

151) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органмен және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне ұсынылатын "Астана Хаб" халықаралық технологиялық паркі тартқан шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар туралы мәліметтерді ұсыну қағидаларын, олардың құрамы мен мерзімділігін бекіту;

152) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 09.07.2024 № 538 (22.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;

152-1) инновациялық жобаларды сынамалауға арналған эксперименттік режимдерге бастама жасау қағидаларын әзірлеу;

153) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.09.2022 № 749 қаулысымен;

154) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 09.07.2024 № 538 (22.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;

154-1) "электрондық үкіметтің" бірынғай репозиторийінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту;

154-2) ақпараттық қауіпсіздікті зерттеушілермен өзара іс-қимыл жасау бағдарламасының жұмыс істеу қағидаларын бекіту;

155) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 12.03.2024 № 169 қаулысымен;

156) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша мемлекеттік органдардың ақпараттандыру объектілерінің ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларына мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту;

157) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.09.2022 № 749 қаулысымен;

158) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.03.2023 № 217 қаулысымен;

159) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының конкурсстық құжаттамасына, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі тікелей келіссөздер кезінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына бизнес-жоспарға салалық қорытынды беру ;

Ескерту. 159) тармақша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.09.2022 № 749 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз).

159-1) ұлгілік конкурсстық құжаттамаларды және мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің ұлгілік шарттарын қоса алғанда, салаларды (аяны) дамыту тұжырымдамалары, ұлттық жобалар шенберінде жекеше әріптесті айқындау және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасу тәртібін әзірлеу және бекіту;

159-2) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттердің тізбесін қалыптастыру және бекіту;

160) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 09.07.2024 № 538 (22.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;

- 161) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.09.2022 № 749 қаулысымен;
3ҚАИ-ның ескертпесі!
- 162) тармақшаның осы редакциясы 01.01.2026 дейін қолданыста болады - ҚР Үкіметінің 15.03.2023 № 217 қаулысымен..
- 162) әкімшілік рәсімге қатысушылардың мемлекеттік органдардың басшыларына және олардың орынбасарларына бейнеконференцбайланыс арқылы жүгіну тәртібін айқындау;
- 163) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, өздері жүзеге асыратын міндеттерді орындауы үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекіту;
- 164) Қазақстан Республикасының аумағындағы жылжымайтын мұлік объектілерін адрестеу қағидаларын сәулет, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп бекіту;
- 165) есептілікті ұсыну қағидалары мен мерзімдерін және нысандарын, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді құру немесе дамытуға байланысты гранттарды пайдалану барысы мен нәтижелері туралы ұсынылатын ақпаратқа қойылатын талаптарды бекіту;
- 166) "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға арналған техникалық тапсырмаларды жасау және қарау қағидаларын бекіту;
- 167) ақпараттандыру саласында инвестициялар тарту жүйесін және инвестициялық жобаларды әзірлеу мен іске асыруды ынталандыру тетіктерін жетілдіру жөніндегі қызметті жүзеге асыру;
- 168) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын дамыту үшін жағдайлар жасау;
- 169) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 170) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.09.2022 № 749 қаулысымен;
- 171) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.09.2022 № 749 қаулысымен;
- 172) ақпараттандыру саласындағы инвестиациялық ұсыныстарға, бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негізdemelerіне қорытынды беру;
- 173) Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарын қоспағанда, ақпараттандыру саласындағы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға арналған шығыстардың бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ұсынған есеп-қисаптарын қарау және қорытындылар беру;
- 174) "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін құруға немесе дамытуға арналған техникалық тапсырманы келісу;
- 175) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.09.2022 № 749 қаулысымен;
- 176) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.09.2022 № 749 қаулысымен;
- 177) "электрондық үкімет" ақпараттандыру объектілерін өнеркәсіптік пайдалануға енгізуге қатысу;

178) өтініш берушінің байланыс саласында қызметтер көрсету жөніндегі жұмысты жүзеге асыруға сәйкестігін растайтын біліктілік талаптарын және құжаттар тізбесін бекіту;

179) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы электрондық нысанда мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерді алу үшін ұялы байланыс операторы беретін абоненттің абоненттік нөмірін тіркеу және оны "электрондық үкіметтің" веб-порталының есептік жазбасына қосу қағидаларын бекіту;

180) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.09.2022 № 749 қаулысымен;

181) көрсетілетін қызметті алушыны сәйкестендіру тәсілін айқындау үшін электрондық нысандағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді сыныптау қағидаларын бекіту;

182) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы алынған, электрондық нысандағы мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету нәтижелерінің міндетті деректемелерін, сондай-ақ олардың анықтығын тексеру тәртібін бекіту;

183) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының қызметі қағидаларын бекіту;

184) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.09.2022 № 749 қаулысымен;

185) жылжымайтын мүлікке құқықтарды, оның ішінде жеделдетілген тәртіппен мемлекеттік тіркеу және жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органмен және оның ішінде жеделдетілген тәртіппен монополияға қарсы органмен келісу бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу және ғимараттарды, құрылыштарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын белгілеу;

186) монополияға қарсы органмен және жылжымалы мүлік кепілін тіркеу органдарымен (тіркеуші органдар) келісу бойынша міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу, жылжымалы мүлік кепілінің тізілімінен үзінді көшірме беру түрінде ақпараттық қызмет көрсету, өтініш берушінің кінәсінен жіберілген тіркеу құжаттарындағы қателерді түзету жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын белгілеу;

187) жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен және монополияға қарсы органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 153-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген іздестіру жұмыстарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жер кадастрын жүргізу жөніндегі қызметтің жүзеге асыру кезінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы

өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын белгілеу;

188) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен және монополияға қарсы органмен келісу бойынша міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру саласында "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын белгілеу;

189) монополияға қарсы органмен және халықты әлеуметтік қорғау саласында басшылықты, қордың қызметін реттеуді, бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісу бойынша міндettі әлеуметтік сақтандыру саласындағы "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы көрсететін қызметтердің бағаларын белгілеу;

190) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен және монополияға қарсы органмен келісу бойынша зейнетақымен қамсыздандыру саласында "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын белгілеу;

191) монополияға қарсы органмен және бюджетке төленетін салықтар мен төлемдердің түсін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісу бойынша бірыңғай жиынтық төлем шенберінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) өткізетін жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағаларын белгілеу;

191-1) әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын бірыңғай төлемді, бірыңғай төлем бойынша өсімпұлды төлеу, аудару және оларды жеке табыс салығы мен әлеуметтік төлемдер (міндettі кәсіптік зейнетақы жарналарын қоспағанда), өсімпұл түрінде бөлу, сондай-ақ оларды қайтару тәртібін келісу;

192) аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесін бекіту;

193) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы көрсететін қызметтерге баға белгілеу тәртібін айқындау;

194) ақпараттық жүйелердегі өтініш беруші туралы мәліметтерді сәйкес келтіру мерзімдері мен қағидаларын бекіту;

195) ақпараттық жүйелердегі бірінші топтағы мүгедек туралы немесе оған қутімді жүзеге асыратын адам туралы мәліметтерді сәйкес келтіру мерзімдері мен қағидаларын бекіту;

196) Бірыңғай байланыс орталығы қызметінің және Бірыңғай байланыс орталығының орталық мемлекеттік органдармен, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл жасасу қағидаларын бекіту;

196-1) бірыңғай байланыс орталығын айқындау;

196-2) "111" байланыс орталығы қызметінің және оның орталық мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасасу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

197) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.09.2022 № 749 қаулысымен;

198) автоматтандырылуға жататын және жатпайтын рұқсаттар тізбесін бекіту туралы рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен бірлескен бұйрықты бекіту;

199) рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту;

200) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.09.2022 № 749 қаулысымен;

201) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.09.2022 № 749 қаулысымен;

202) мемлекеттік қызметтер көрсетудің электрондық нысанын көздейтін мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келісуді жүзеге асыру;

202-1) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы келісуді жүзеге асыру;

203) проактивті қызметтер көрсету тәртібін бекіту;

203-1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен және монополияға қарсы органмен келісу бойынша азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу қызметтерін көрсетуге ақы төлеу мөлшерін айқындау;

203-2) өз құзыреті шегінде петицияларды қараша;

204) қызмет көрсетушінің мемлекеттік көрсетілетін қызмет сатысы туралы деректерді мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізу қағидаларын бекіту;

205) рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту;

205-1) өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тексеру және рұқсат беру не уәжді бас тарту рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесінде өтініш берушіні тексерудің және рұқсат берудің автоматты режимінде жүзеге асырылатын рұқсаттар тізбесін әзірлеу және бекіту;

206) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

206-1) есептер мен көрсеткіштер (салалық деректер) тізілімін бекіту;

206-2) орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда бизнес-процестердің реинжинирингін жүзеге асыру қағидаларын бекіту;

206-3) орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда бизнес-процестердің реинжинирингі әдістемесін бекіту;

206-4) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 04.08.2023 № 644 қаулысымен;

207) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша азаматтардың дербес деректеріне қолжетімділігі бар, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету процесіне қатысадын "Азаматтарға арналған ұқімет" мемлекеттік корпорация қызметкерлерін тексеру қағидаларын бекіту;

208) "электрондық ұқіметтің" архитектуралық порталында "электрондық ұқіметтің" ақпараттандыру объектілері туралы мәліметтерді есепке алуды және "электрондық ұқіметтің" ақпараттандыру объектілері техникалық құжаттамасының электрондық көшірмелерін, сондай-ақ мемлекеттік заңды тұлғалардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ақпараттандыру объектілері техникалық құжаттамасының мәліметтері мен көшірмелерін орналастыруды ұйымдастыру;

209) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту;

210) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.09.2022 № 749 қаулысымен;

211) орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызметінің есебін қалыптастыру тәртібін, ұсыну мерзімдерін және ұлгілік нысандарын бекіту;

212) геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;

213) Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігінің мұдделерін ескере отырып, геодезиялық, картографиялық және аэроғарыштық түсірілім жұмыстарының деректері мен материалдарын есепке алу, сақтау, көбейту және пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

213-1) бюджет қаражатының есебінен орындалатын аэротүсірілім, геодезиялық және картографиялық жұмыстардың құнын айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

213-2) жергілікті координаттық есептеу жүйелерін белгілеу;

213-3) мемлекеттік, халықаралық, жергілікті координаттық есептеу жүйелері арасындағы трансформациялау мен өзгерту параметрлерін әзірлеу және бекіту;

213-4) жергілікті координаттық есептеу жүйелерін белгілеу мен пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

213-5) Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымын пайдалану жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту;

213-6) Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымының мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен өзара іс-кимыл жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

213-7) мемлекеттік, халықаралық, жергілікті координаттық есептеу жүйелерінің арасындағы трансформациялау және өзгерту параметрлерін айқындау және пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

213-8) тұрақты жұмыс істейтін референциялы станцияларды орнату қағидаларын әзірлеу және бекіту;

213-9) тұрақты жұмыс істейтін референциялы станцияларды мемлекеттік геодезиялық желілерге жатқызу және қолдану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

213-10) нивелирлеу жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;

213-11) мемлекеттік геодезиялық, нивелирлік және гравиметриялық желілерді жасау және дамыту жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;

213-12) базалық кеңістіктік деректердің тізбесін бекіту;

213-13) жаһандық навигациялық спутниктік жүйелерді қолдана отырып, мемлекеттік геодезиялық желінің пассивті пункттерінің координаталарын спутниктік айқындауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

213-14) Қазақстан Республикасының мемлекеттік гравиметриялық желісі пункттерінде гравиметриялық жұмыстарды орындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

213-15) кеңістіктік деректер тізілімін бекіту;

213-16) Қазақстан Республикасының кезекші анықтамалық картасын жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

213-17) Қазақстан Республикасының мемлекеттік геодезиялық, нивелирлік және гравиметриялық желілерінің пункттері мен белгілерін салу, зерттеп-қарау және қалпына келтіру жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

213-18) геодезиялық аспаптар мен жабдықтарды тексеру және зерттеу жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

213-19) геодезиялық және картографиялық жұмыстарды жүргізуге арналған техникалық жобаларды жасау жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

213-20) нивелирлеу пункттерінің биіктік каталогтарын жасау жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

213-21) геодезиялық және картографиялық жұмыстар бойынша техникалық есептерді жасау жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

213-22) Қазақстан Республикасын мемлекеттік геодезиялық және картографиялық қамтамасыз етудің негізгі көрсеткіштерін бекіту;

213-23) геодезиялық және картографиялық жұмыстардағы қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

213-24) қайта нивелирлеу материалдары бойынша жер бетінің қазіргі тік қозғалыстарының жылдамдығын есептеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

213-25) геодинамикалық полигондарда геодезиялық жұмыстар жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

213-26) геодезиялық пункттердің каталогтарын жасау және басып шығару жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

214) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.03.2023 № 217 қаулысымен;

215) бюджет қаражатының есебінен орындалатын геодезиялық, картографиялық және аэроғарыштық түсірілім жұмыстарының тізбесін әзірлеу және бекіту;

216) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.03.2023 № 217 қаулысымен;

217) Ұлттық кеңістіктік деректер қорының мәліметтерін қалыптастыру, жинау, сактау, пайдалану және беру қағидаларын бекіту;

218) геодезиялық пункттерді қорғау, бұзу немесе қайта салу (орнын ауыстыру) туралы қағидаларды бекіту;

219) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.03.2023 № 217 қаулысымен;

220) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын межелеу мен шегендеуді жүргізу ді техникалық қамтамасыз ету туралы қағидаларды бекіту;

221) бюджет қаражаты есебінен жасалатын картографиялық өнімді жаңартып отыру мерзімділігін бекіту;

222) бюджет қаражатының есебінен картографиялық өнімді жасау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;

223) Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымын құру және жаңартып отыру жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;

224) салалық көтермелеу жүйесін бекіту;

225) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.04.2022 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

226) инновациялық гранттар берудің басым бағыттарын айқындау;

227) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңындағы Технологиялық саясат жөніндегі кеңес туралы ережені әзірлеу және Қазақстан Республикасының Үкіметіне оның құрамын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізу;

227-1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне инновациялық даму саласындағы ұлттық даму институтын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын іске асыруға уәкілетті, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей не жанама түрде мемлекетке тиесілі өзге де занды тұлғалардың тізбесін айқындау жөнінде ұсыныстар енгізу;

228) салаларды технологиялық дамытуға инновациялық гранттар беру қағидаларын бекіту;

229) технологияларды коммерцияландыруға арналған инновациялық гранттар беру қағидаларын бекіту;

230) жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды технологиялық дамытуға арналған инновациялық гранттар беру қағидаларын бекіту;

231) инновациялық гранттар беру кезінде инновациялық даму саласындағы ұлттық даму институтының қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын бекіту;

232) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.04.2022 № 197 қаулысымен (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).

232-1) бизнес-инкубациялауды дамытуға жәрдемдесу бойынша қызметтер көрсету қағидаларын бекіту;

233) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.04.2022 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

234) технологиялық болжауды жүзеге асырудың, салалық технологиялық құзырет орталықтарының жұмыс істеуінің, технологиялық платформаларды ұйымдастырудың және нысаналы технологиялық бағдарламаларды әзірлеудің әдістемесі мен өлшемшарттарын бекіту;

234-1) инновациялық қызмет сыныптамасын бекіту;

234-2) инновациялық қызметті дамытудың ұлттық индексін есептеу әдістемесін бекіту;

234-3) нысаналы технологиялық бағдарламаларды бекіту;

235) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.04.2022 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

236) инновациялық даму саласындағы ұлттық даму институтын тарта отырып, инновациялық гранттар беру;

236-1) "Инновациялық технологиялық паркі" дербес кластерлік қоры Басқарушы комитетінің құрамы мен ережесін бекіту;

237) инновациялық даму саласындағы ұлттық даму институтымен жасалатын шарт негізінде инновациялық гранттар беруге қаражат бөлу;

237-1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын инновациялық және технологиялық даму бөлігінде келісу;

237-2) жобалардың инновациялылығы өлшемшарттарын айқындау жөніндегі әдістемені бекіту;

237-3) цифрлық трансформация және 4.0 индустриясын енгізу жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу;

237-4) Технологиялық саясат жөніндегі кеңесте қарау үшін жетекшілік ететін бағыттардағы салалық технологиялық құзырет орталықтарын, нысаналы технологиялық бағдарламаларды айқындау және технологиялық платформаларды ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар енгізу;

237-5) инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту;

237-6) өнірлерде мемлекеттік технологиялық саясаттың іске асырылуын мониторингтеуді жүзеге асыру қағидаларын бекіту;

238) сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымының және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу;

239) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға жұмылдыру дайындығын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

240) тиісті кезеңге арналған Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығы жоспарын және тауарларды өндіру, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету жоспарын әзірлеуге қатысу;

241) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жедел орталықтары мен Ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығы арасындағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажетті ақпарат алмасу қағидаларын бекіту;

242) ақпаратты электрондық нысанда қалыптастыру, өндеу, сондай-ақ орталықтандырылған түрде жинау және сақтау, оның ішінде тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектілерінің жұмыс істеу қағидаларын келісу;

243) фискалдық деректер операторын тізбеке (тізбеден) қосу (алып тастау) тәртібін, сондай-ақ фискалдық деректердің әлеуетті операторына қойылатын біліктілік талаптарын келісу;

244) ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың даму жоспарларын, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі занды тұлғалардың, олармен үлестес занды тұлғалардың, ұлттық басқарушы холдингтердің (Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда), ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың (Ұлттық әл-ауқат қорының тобына кіретін ұлттық компанияларды қоспағанда) және олармен үлестес занды тұлғалардың даму жоспарларын және іс-шаралар жоспарларын технологияларды және инновацияларды дамыту бөлігінде келісу;

245) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 02.05.2023 № 347 қаулысымен;

245-1) деректерді басқару жөніндегі талаптарды әзірлеу және бекіту;

245-2) жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

245-3) мемлекеттік органдарды жобалық басқарудың ұлгілік регламентін әзірлеу және бекіту;

245-4) жобалардың басқарушы құжаттарын әзірлеу әдістемесін бекіту;

245-5) жобаның жетілуін бағалау әдістемесін бекіту;

245-6) жобаның түйінді ұлттық индикаторға қол жеткізудегі үлесін және Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын орындау нәтижелерінің көрсеткіштерін айқындау әдістемесін бекіту;

246) электрондық өнеркәсіп саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ету;

247) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуді қоса алғанда, электрондық өнеркәсіп саласындағы жобалар мен бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

248) электрондық өнеркәсіп саласындағы салалық сараптаманы жүзеге асыру қағидаларын бекіту;

249) электрондық өнеркәсіп саласындағы жобалардың салалық сараптамасын жүзеге асыру;

250) электрондық өнеркәсіп саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру және халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттерде Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру;

251) электрондық өнеркәсіптің сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымының және өнімінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын, сондай-ақ электрондық өнеркәсіптің сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымының және өнімінің тізіліміне электрондық өнеркәсіптің сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымын және өнімін енгізу жөніндегі өлшемшарттарды бекіту;

252) мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың біріздендірілген жұмыс орнына немесе терминалды жүйесіне қойылатын талаптарды, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерінің құрауыштарын біріздендіру жөніндегі талаптарды бекіту;

253) көмірсутектерді және уранды өндіру саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, көмірсутектерді және уран өндіру саласындағы цифрландыру жобаларын алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша жер қойнауын пайдалануышының көмірсутектерді және уранды өндіру кезеңінде өндіру үшін шеккен шығындарының бір пайызы мөлшерінде қаржыландыру қағидаларын бекіту;

254) ұлттық басқаруши холдингтермен, ұлттық холдингтермен, ұлттық компаниялармен және олармен үлестес заңды тұлғалармен технологиялық меморандумдар жасасу және сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін айқындау;

255) тиісті саладағы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

256) бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын тиісті саладағы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға жәрдемдесудің орындалған бағдарламалары бойынша есептерді бекіту;

257) ғылым саласындағы уәкілетті органға тиісті саладағы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жөніндегі шаралардың тиімділігі және іске асырылуы туралы ақпарат беру;

257-1) құзыреті шегінде өнеркәсіптік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

257-2) құзыretі шегінде Қазақстан Республикасының халықаралық міндettемелерін ескере отырып, шикізаттық емес экспортты ілгерілету жөніндегі шаралар әзірлеу және оны ілгерілетуді жүзеге асыру;

257-3) Технологиялық саясат жөніндегі кеңестің ұсынымдары бойынша жетекшілік ететін салалардағы салалық технологиялық құзыret орталықтарын айқындау;

257-4) өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілеріне қосылған құнның жаһандық тізбектеріне кіру бойынша, оның ішінде тауарлардың жаңа түрлерін өндіруге арналған техникалық құжаттаманы және нақты тауарлар бойынша көш бастап тұрған жетекші әлемдік өндірушілердің әлемдік өндірістік франшизаларын пайдалану арқылы жәрдем көрсету;

257-5) өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері ұсынатын мамандарға деген қажеттілік туралы мәліметтер негізінде экономиканың басым секторлары үшін мамандар даярлау талап етілетін мамандықтар тізбесін айқындау жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жіберу;

257-6) құзыretі шегінде әлеуетті инвесторларды, оның ішінде шетелдік инвесторларды өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды іске асыруға қатысуға тарту мақсатында оларды іздестіру және олармен келіссөздер жүргізу;

257-7) құзыretі шегінде өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерін инвестициялық тақырып бойынша бизнес-форумдарға, конференциялар мен семинарларға қатысуға тарту;

257-8) құзыretі шегінде бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде шетелдегі мекемелер арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы шетелдік дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктер мен консулдық мекемелер арқылы шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында өнеркәсіптік-инновациялық жобалар туралы ақпарат тарату;

257-9) құзыretі шегінде жұмыс істеп тұрған инвесторларды қайта инвестициялауды жүзеге асыруға ынталандыру;

257-10) бірлескен өндірістерді құру үшін құзыretі шегінде инвесторларды, оның ішінде шетелдік инвесторларды тарту;

257-11) қосылған құнның жаһандық тізбектеріне кіру үшін құзыretі шегінде трансұлттық корпорацияларды тарту;

258) тиісті саладағы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды әдіснамалық қамтамасыз ету;

259) тиісті саладағы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды ынталандыру жөніндегі шараларды жоспарлау, іске асыру;

260) тиісті саладағы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласында кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі бағдарламаны іске асыруға қатысу;

261) тиісті саладағы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға жәрдемдесу бағдарламаларының іске асырылу мониторингін жүзеге асыру;

261-1) ұлттық инновациялық жүйенің "Бірыңғай терезе" ақпараттық жүйесін басқаруды, жүргізу ді, қолданап отыруды, оның жұмыс істеуін және пайдаланылуын қамтамасыз ету;

262) цифрлық құжаттар сервисінде электрондық құжаттарды көрсету және пайдалану қағидаларын бекіту;

262-1) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша "ақылды" қалалар салу жөніндегі әдістемені (Қазақстан Республикасының "ақылды" қалалары эталондық стандартын) бекіту;

262-2) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 02.05.2023 № 347 қаулысымен;

263) мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде оларды биометриялық сәйкестендіру үшін жеке тұлғалардың биометриялық деректерін жинау, өндеу және сақтау қағидаларын өзірлеу және бекіту;

264) куәландыруши орталықта электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін жасау, пайдалану және сақтау қағидаларын бекіту;

265) цифрлық майнингті жүзеге асыру жөніндегі қызмет туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;

265-1) цифрлық активтер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

265-2) цифрлық активтер саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

265-3) цифрлық майнинг жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, оның қолданысын тоқтата түру және қайта бастау;

265-4) салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісу бойынша салық салу мақсаттары үшін цифрлық майнерлер мен цифрлық майнингтік пулдардың кірістері туралы мәліметтер ұсыну қағидаларын бекіту;

265-5) цифрлық майнингтік пулдарды аккредиттеу қағидаларын бекіту;

265-6) рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша цифрлық майнинг жөніндегі қызметті лицензиялау қағидаларын бекіту;

265-7) цифрлық майнингтік пулдарды аккредиттеуді жүргізу;

265-8) Қазақстан Республикасының аумағында танылатын қамтамасыз етілген цифрлық актив түрлерінің тізбесін бекіту;

265-9) цифрлық активтер саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

265-10) қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың мемлекеттік тізілімін жүргізу;

265-11) цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенің тізілімін жүргізу;

265-12) цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенді есепке алу және оның тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту;

265-13) қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығару туралы шешімді ресімдеу қағидаларын бекіту;

265-14) қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығаруға және олардың айналысына рұқсат беру;

265-15) жасанды интеллект саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ету;

265-16) жасанды интеллект технологияларын дамыту саласындағы нормативтік құқықтық реттеу бойынша ұсыныстар әзірлеу және іске асуру;

265-17) жасанды интеллект саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

265-18) жасанды интеллект саласындағы сараптама кеңесінің құрамын және оның қызметі туралы ережені бекіту;

265-19) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын жасанды интеллектті дамыту бөлігінде келісу;

266) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 02.05.2023 № 347 қаулысымен;

267) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша интернетке қол жеткізудің бірыңғай шлюзінің және "электрондық үкіметтің" электрондық поштасының бірыңғай шлюзінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту;

268) дербес деректерді жинау, өндеу қағидаларын бекіту;

268-1) дербес деректерге қол жеткізуді мемлекеттік бақылау сервисінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту;

268-2) дербес деректерге қол жеткізуді мемлекеттік бақылау сервисімен интеграциялау қағидаларын бекіту;

268-3) дербес деректер және оларды қорғау мәселелері жөніндегі консультативтік кеңес құру, сондай-ақ оны қалыптастыру және оның қызметінің тәртібін айқындау;

268-4) Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

268-5) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген мақсаттарда "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторына субъектілердің құқықтары мен занды мүдделерінің бұзылу тәуекеліне алып келетін дербес деректер қауіпсіздігінің бұзылуы туралы ақпаратты жіберу;

268-6) дербес деректер субъектілерін дербес деректер қауіпсіздігінің бұзылуы туралы хабардар етуді жүзеге асыру қағидаларын бекіту;

269) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша электрондық ақпараттық ресурстарда қамтылған, қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді сақтау, өндөу және тарату процестерінің қорғалуын қамтамасыз етуді зерттеп-карауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту;

269-1) дербес деректерді қорғау жөнінде қажетті шаралар қабылдай отырып, Қазақстан Республикасының аумағындағы серверлік үй-жайда орналасқан электрондық базада меншік иесі және (немесе) оператор, сондай-ақ үшінші тұлға жүзеге асыратын электрондық ақпараттық ресурстардағы дербес деректерді сақтау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

270) ақпаратқа қол жеткізу саласындағы мемлекеттік саясатты ақпараттандыру объектілерінде қамтылған электрондық ақпараттық ресурстарды жасау, іздеу, жинау, жинақтау, сақтау, өндөу, алу, пайдалану, өзгерту, көрсету, тарату және беру бөлігінде іске асыруды қамтамасыз ету;

271) қол жеткізу шектелген ақпаратты қоспағанда, ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ашық деректердің интернет-порталында мемлекеттік органдардың ақпараттандыру объектілерінде қамтылған деректерді кейіннен орналастыру мақсатында оларға талдау жүргізу қағидаларын бекіту;

272) белгіленген құзырет шеңберінде тиісті техникалық регламенттер талаптарының сақталуына Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде айқындалған тәртіппен мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;

273) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.09.2022 № 749 қаулысымен;

274) техникалық реттеу саласында сараптама кеңестерін құру;

275) техникалық реттеу саласындағы сараптама кеңестерінің құрамын және олар туралы ережелерді бекіту;

276) техникалық регламенттерді, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және орындау;

277) ғарыш қызметі саласындағы жобаларға салалық сараптаманы жүзеге асыру;

278) техникалық регламенттерді немесе техникалық регламенттерге өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды әзірлеу туралы ұсыныстар дайындау және оларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органға енгізу;

279) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялануға жататын қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялауды жүзеге асыру;

280) өз құзыреті шегінде техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттарды әзірлеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

281) Қазақстан Республикасының атынан жасалатын Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бойынша міндеттемелерді орындау;

282) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.03.2023 № 217 қаулысымен;

283) ұлттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

284) ғарыш обьектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру;

285) ғарыш обьектілерінің тіркелімін жүргізу;

286) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ғарыш айлағы персоналының, Байқоңыр қаласы тұрғындарының, лауазымды адамдардың, делегациялардың, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің, туристердің, қалаға жеке істері бойынша келетін азаматтардың – Қазақстан Республикасы азаматтарының және Ресей Федерациясы азаматтарының Қазақстан Республикасының қарамағындағы "Байқоңыр" кешенінің обьектілеріне кіруіне рұқсат беру туралы шешім қабылдау;

287) Ресей Федерациясы жалға алған "Байқоңыр" кешеніндегі обьектілердің сақталуын және пайдаланылу шарттарын бақылауды жүзеге асыруға қатысу;

288) ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде өз құзыretі шегінде іздестіру, авариялық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыруға, сондай-ақ аварияларды тергеп-тексеруге қатысу;

289) ғарыш қызметі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

290) Қазақстан Республикасы үшін жасалатын ғарыш техникасы өндірісіне арналған мемлекеттік тапсырмалардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

291) ғарыштық орналастыруды және қашықтан зондтаудың (ғарыш мониторингінің) бақылау құралдарын пайдалана отырып, қоршаған ортаның жай-қүйін бақылау жүйесінің жұмыс істеуін ұйымдастыру;

292) су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру, қоршаған ортаны қорғау, тұрғындардың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп, су обьектілеріне мемлекеттік мониторингті жүзеге асыру;

293) су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру, қоршаған ортаны қорғау, тұрғындардың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп, су обьектілеріне мемлекеттік мониторингті жүзеге асыру әдістемесін тұжырымдау;

294) "Байқоңыр" кешенінің зымыран-ғарыш қызметінің әсеріне ұшырайтын аумақтарда қоршаған ортаның жай-қүйін бақылау жүйесінің жұмыс істеуін ұйымдастыру;

295) Қазақстан Республикасының аумағынан, сондай-ақ ғарыш қызметіне қазақстандық қатысушылар жүзеге асыратын жағдайда одан тыс жерлерде ғарыш обьектілерін ұшыру туралы шешімдерді келісу және қабылдау тәртібін әзірлеу;

296) 1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру шарты бойынша жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асыру;

297) ғарышкерлікке үміткерлерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру және үйлестіру, сондай-ақ ғарыш қызметі саласындағы кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау;

297-1) өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

297-2) "Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Занында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылауды жүзеге асыру;

298) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірынғай талаптардың орындалуына мониторингті жүзеге асыру;

299) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері мен телекоммуникация желілерінің орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін ақпараттық қауіпсіздік қатерлерін анықтау, талдау және болдырмау бөлігінде ақпараттық қорғау құралдарын әзірлеу жөніндегі қызметті үйлестіруді жүзеге асыру;

299-1) мерзімдік тексерулер жүргізу жоспарын тексерулер жүргізілетін жылдың алдындағы жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей бекіту;

300) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілеріне жатқызу қағидалары мен өлшемшарттарын әзірлеу және бекіту;

300-1) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің тізбесін әзірлеу және бекіту;

301) мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы заңнаманы сақтай отырып, ұлттық қауіпсіздіктің жай-күйі және оны қамтамасыз ету бойынша қабылданатын шаралар туралы халықты хабардар ету, насихаттау және қарсы насихаттау қызметін жүргізу;

302) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірынғай талаптарды әзірлеу;

303) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 12.03.2024 № 169 қаулысымен;

304) ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

305) Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңнамасы талаптарының бұзылғаны анықталған кезде орындау үшін ұйғарымдар беру;

306) Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қоюдың дағдарысқа қарсы ұлттық жоспарын әзірлеу;

307) мемлекеттік техникалық қызмет сараптамаларының негізінде инвестициялық ұсыныстарға және бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемелеріне ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында қорытындылар беру, сондай-ақ мемлекеттік техникалық қызмет сараптамаларының негізінде "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектісін құруға және дамытуға арналған техникалық тапсырмалардың ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін келісу;

308) электрондық ақпараттық ресурстарды алу, көшірмесін түсіру, тарату, түрлендіру, жою немесе бұғаттау бойынша құқыққа сыйымсыз әрекеттерді болдырмауды қоса алғанда, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қауіпсіз пайдалану мәселелерінде ақпараттандыру объектілерінің меншік иелеріне, иеленушілері мен пайдаланушыларына жәрдемдесуді ұйымдастыру;

309) құзыretі шегінде табиғи монополиялар салаларында реттеу мен бақылауды жүзеге асыру;

310) арнаулы мақсаттағы телекоммуникация желілерінің объектілерін қоспағанда, байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыратын және радиожиілік спектрін пайдаланатын шаруашылық жүргізуши субъектілердің байланыс объектілеріне белгіленген тәртіппен тексерулер жүргізу үшін қызметтік куәлікті не сәйкестендіру картасын көрсету арқылы кіру;

311) радиожиілік спектрін бөліп беру және пайдалану мәселелері, радиоэлектрондық құралдар мен жоғарғы жиілікті құрылғыларды пайдалану жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді өз құзыretі шегінде әзірлеу;

312) радиоәуесқойлық қызметтердің радиоэлектрондық құралдары мен жоғары жиілікті құрылғыларын қоса алғанда, радиоэлектрондық құралдарды және (немесе) жоғары жиілікті құрылғыларды пайдаланудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаларды қабылдау;

313) Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдар және (немесе) жоғары жиілікті құрылғылар үшін радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсаттар беру;

314) радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылар белгіленген стандарттар мен техникалық нормаларға сәйкес келмеген, азаматтардың қауіпсіздігіне, қоршаған ортаға қауіп төндірген жағдайда, сондай-ақ аса маңызды жұмыстар мен іс-шараларды орындаған кезде оларды пайдалануды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтата тұру;

315) радиоэлектрондық құралдарға, оның ішінде халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттердің халықаралық шарттарға сәйкес жұмыс істейтін радиоэлектрондық құралдарына радиобөгеуілдерді жою жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру;

316) азаматтық мақсаттағы иелікке берілген радиожиіліктер белдеулерінің электрондық дерекқорын жүргізу;

317) нөмірлеудің бөлінген және резервтік ресурстарының тізілімін жүргізу;

318) жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) иелікке беруді жүзеге асыру;

318-1) конкурс (немесе аукцион) өткізу арқылы бөліп беру үшін радиожиілік органдары айқындаған диапазондарда Қазақстан Республикасында жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) бөліп беру жөніндегі конкурстарды (немесе аукциондарды) ұйымдастыру және өткізу, конкурстар (немесе аукциондар) шарттарын, оларға қатысушыларға қойылатын талаптарды айқындау;

319) Қазақстан Республикасындағы электромагниттік жағдайды көрсететін радиожиілік спектрінің республикалық дерекқорын жүргізу;

320) импорттан өзгеше жағдайларда, азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге қорытындылар беру;

321) азаматтық мақсаттағы, оның ішінде ішіне орнатылған не басқа тауарлардың құрамына кіретін радиоэлектрондық құралдардың және жоғары жиілікті құрылғылардың импортына лицензиялар беру;

322) ұлттық ресурстардың және байланыс операторларының тізілімін жүргізу;

323) азаматтық пайдаланушыларға жиіліктер белдеуін, радиожиілікті (радиожиілік арнасын) бөлу, иелікке беру (тағайындау), шақыру сигналын иелікке беруді қоса алғанда, кеме станциясына рұқсаттар беру;

324) радиоэлектрондық құралдарды және (немесе) жоғары жиілікті құрылғыларды пайдаланудың басталғаны туралы хабарлама болмаған және (немесе) техникалық сипаттамалары белгіленген нормаларға сәйкес келмеген жағдайда азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды өшіру;

325) бөлінетін жиілік белдеулерінің, радиожиіліктердің (радиожиілік арналарын) техникалық сараптамасы жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

326) радиобақылауды жүзеге асыру және байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың радиожиілік спектрін пайдалануына және байланыс операторларының байланыс саласында қызмет көрсетуді жүзеге асыратын субъектілерге қойылатын біліктілік талаптарын және байланыс қызметтерін көрсету қағидаларын сақтауына тексеру жүргізу;

326-1) радиожиілік спектрін пайдалана отырып, байланыс саласындағы қызметтерді көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырғаны үшін біржолғы төлемақы мөлшерін айқындау қағидаларын бекіту;

327) байланыс саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының бұзылғаны анықталған кезде нұсқамалар жіберу;

328) байланыс операторлары көрсететін байланыс қызметтерінің сапасын бақылауды жүзеге асыру;

329) Халықаралық электр байланыс одағының радиобайланыс регламентіне сәйкес радиожиіліктерді халықаралық үйлестіру жөніндегі іс-шараларды орындау;

330) байланыс саласындағы мемлекеттік монополия субъектілері өндіретін және өткізетін көрсетілетін қызметтерге бағаларды реттеу;

331) ауылдық елді мекендерде көрсетілетін, субсидияланатын байланыстың әмбебап қызметтеріне бағалардың шекті деңгейін реттеу;

332) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарының, Мемлекеттік күзет қызметінің, әскери басқару, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының мұқтаждықтары үшін техникалық құралдарды орналастыруға қажетті байланыс желілері мен арналарын, кабельдік көріздердегі арналар мен аландарды беру бағаларын (тарифтерін) реттеу;

332-1) байланыс құралдарын, сондай-ақ талшықты-оптикалық байланыс желілерін тарту үшін электр берудің әуе желілерінің тіреуіштерін орналастыру үшін орындарды мұліктік жалдауға (жалға беруге) арналған шекті тарифтерді бекіту;

333) телекоммуникация желілерінде Қазақстан Республикасының балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

334) Ұлттық пошта операторының пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін жүзеге асыруы кезінде оның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

335) Қазақстан Республикасының пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну жөніндегі заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

336) мемлекеттік монополия және арнайы құқық субъектілері өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органмен келісу бойынша белгілеу;

337) электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

337-1) жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын қабылдау және өндеу бойынша ақпараттық жүйені сүйемелдеуді ұйымдастыру;

337-2) Министрлікке және оның ведомстволарына, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдарға жолданған, жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарында, сұрау салуларында, ұсыныстарында, ұн қосулар мен хабарларында көтерілетін жүйелі мәселелерді қарау, талдау, мониторингілеу және айқындау;

338) мемлекеттік органдардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану жөніндегі қызметінің тиімділігін бағалауды жүргізу;

339) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.09.2022 № 749 қаулысымен;

340) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасының талаптары бұзылғаны анықталған кезде ұйғарымдар беру;

341) ақпараттандыру саласындағы стандарттау және сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарға қатысу;

342) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының З-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рұқсаттарды беру;

343) құзыреті шегінде стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын қарау, сондай-ақ стандарттау саласындағы уәкілетті органға енгізу үшін ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптаушыстарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарау және күшін жою жөнінде ұсыныстар дайындау;

344) геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілерінің қызметін үйлестіру;

345) геодезиялық пункттерді бұзу немесе қайта салуға (орнын ауыстыруға) рұқсат беру;

346) мемлекеттік мақсаттағы геодезиялық және картографиялық жұмыстарды орындауды ұйымдастыру;

347) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.03.2023 № 217 қаулысымен;

348) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.03.2023 № 217 қаулысымен;

349) Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнамасына сәйкес геодезиялық өлшем құралдарының бірлігі мен дәлдігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыру;

350) Қазақстан Республикасындағы геодезиялық және картографиялық қызметті мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

351) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.03.2023 № 217 қаулысымен;

352) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.03.2023 № 217 қаулысымен;

353) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.03.2023 № 217 қаулысымен;

354) геодезия, картиграфия және кеңістіктік деректер саласындағы рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу;

355) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.03.2023 № 217 қаулысымен;

356) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.03.2023 № 217 қаулысымен;

357) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.03.2023 № 217 қаулысымен;

358) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен өзара келісілген жұмыс жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесіндегі геодезиялық және картографиялық қызметті жүзеге асыру ;

359) мемлекеттік геодезиялық, нивелирлік және гравиметриялық желілерді жасау мен дамытуды ұйымдастыру;

359-1) топографиялық карталар мен жоспарларды жасау және жаңартып отыру;

359-2) Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымын құру және дамыту;

359-3) құзыretі шегінде стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын қарау, сондай-ақ стандарттау саласындағы уәкілетті органға енгізу үшін ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сиынптауыштарын әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарау және күшін жою жөнінде ұсыныстар және стандарттау жөнінде ұсынымдар дайындау;

359-4) ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу және қазіргі заманғы технологияларды ендіру;

359-5) Ұлттық қеңістіктік деректер инфрақұрылымына қеңістіктік деректерді ұсыну қағидаларын әзірлеу;

359-6) мемлекеттік есептеу жүйелері мен картографиялық проекцияларды әзірлеу;

360) мемлекеттік органдар мен ұйымдарға электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба мәселелері бойынша практикалық және әдістемелік көмек көрсету;

361) мемлекеттік басқаруды цифрлық трансформациялау қағидаларына сәйкес орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметтер көрсету реинжиニアингі жөніндегі қызметін үйлестіру;

361-1) мемлекеттік басқаруды цифрлық трансформациялау қағидаларын бекіту;

362) электрондық нысанда және (немесе) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындастырып заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

363) құзыretі шегінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының қызметін тексеруді жүзеге асыру;

364) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының қызметін ұйымдастыруды және бақылауды жүзеге асыру;

364-1) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі үәкілетті органмен келісу бойынша әріптестік келісім жасасу үшін кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;

364-2) әріптестік келісім жасасу үшін кәсіпкерлік субъектілерін іріктеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

364-3) әріптестік келісім жасасу үшін кәсіпкерлік субъектілерін іріктеуді жүргізу;

364-4) жасырын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді анықтау және оларды мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тізіліміне енгізу тәртібін айқындау;

364-5) әріптестік ұйымдар мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдауды және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беруді жүзеге асыра алатын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тізілімінен іріктеуді жүзеге асыру;

364-6) ұлгілік әріптестік келісімді әзірлеу және бекіту.

365) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының қызметін және олардың қызмет көрсетушілермен өзара іс-қимылын үйлестіру;

- 366) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.09.2022 № 749 қаулысымен;
- 367) Бірыңғай байланыс орталығының жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру;
- 367-1) әкімшілік органдардың байланыс орталықтарының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі ұлгілік талаптарды бекіту;
- 367-2) әкімшілік органдардың байланыс орталықтарының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі ұлгілік талаптарды орындау бойынша жұмысты үйлестіру;
- 367-3) "111" байланыс орталығының қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз ету;
- 368) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру процестерін бағалауды жүзеге асыру;
- 369) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін әзірлеуді және жүргізуді жүзеге асыру;
- 370) мемлекеттік қызметтер көрсете тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келісуді жүзеге асыру;
- 371) мемлекеттік қызметтер көрсете тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу бойынша орталық мемлекеттік органдардың қызметіне мониторинг жүргізу;
- 372) мемлекеттік қызметтер көрсете тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 373) меншік иесінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тұлғаның дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 373-1) дербес деректерді қорғау қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 374) дербес деректер субъектісі дербес деректер мазмұнының және оларды өндеу тәсілдерінің оларды өндеу мақсаттарына сәйкестігі туралы өтініштерін қарau және тиісті шешім қабылдау;
- 375) техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша құзыретіне кіретін мәселелер бойынша техникалық регламенттерді әзірлеу;
- 376) Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзуға жол берген тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта тарту бойынша шаралар қабылдау;
- 377) меншік иесінен және (немесе) оператордан, сондай-ақ үшінші тұлғадан анық емес немесе заңсыз жолмен алынған дербес деректерді нақтылауды, бұғаттауды немесе жоюоды талап ету;
- 378) субъектілер құқықтарын қорғауды жетілдіруге бағытталған шараларды жүзеге асыру;
- 378-1) мемлекеттік емес ақпараттандыру обьектілерінің мемлекеттік органдардың және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалардың ақпараттандыру обьектілерімен дербес деректерді беру жүзеге асырылатын және (немесе) дербес деректерге қолжетімділік берілетін интеграциялануын келісу;

379) меншік иесінің және (немесе) оператордың өздері жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін айқындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

379-1) ұқіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру;

379-2) ұқіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөнінде кеңес құру;

379-3) ұқіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асырылуы жөнінде ақпарат беру;

379-4) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың жоспарланатын тақырыптарын және іске асырылуы жөніндегі ақпаратты, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың нәтижелерін бағалауды өзінің интернет-ресурсында орналастыру;

379-5) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыратын ұқіметтік емес ұйымдарға ақпараттық, консультативтік, әдістемелік қолдау көрсету;

379-6) өздерінің құзыretі шегінде ұқіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы мемлекеттік гранттар беру және оператордың мемлекеттік гранттардың іске асырылу нәтижелері туралы есебін қарау;

379-7) мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларына сәйкес азаматтық қоғам өкілдерін тарта отырып, мемлекеттік гранттардың тиімділігін бағалауды жүзеге асыру;

379-8) ұқіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган жанындағы Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі үйлестіру кеңесінің ұсынымдары негізінде бағыттары мен қаржыландыру көлемі бойынша мемлекеттік гранттарды қалыптастыру;

379-9) стратегиялық әріптестерді конкурстық іріктеуді жүргізу және стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес олармен шарттар жасасу;

379-10) стратегиялық әріптестердің жасалған шарттарға және стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес міндеттемелерді орындауды бағалауды жүзеге асыру;

379-11) жыл сайын 1 желтоқсанға дейін ұқіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті органға стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыстың нәтижелері туралы ақпарат ұсыну;

379-12) деректерді өңдеу орталықтары операторларының, бұлтты есептеулер қызметтерін жеткізушілердің, интернет-трафикпен алмасу нүктелерінің қызметін реттеуді қамтамасыз ету;

379-13) мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға атау беру, олардың атауларын өзгерту, атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және оларға жеке адамдардың есімдерін беру туралы шешім қабылдау;

380) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде және Қазақстан Республикасы Министрінің бүйрықтарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.04.2022 № 197 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 14.04.2022 № 219 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.05.2022 № 307 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.09.2022 № 749 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 19.10.2022 № 834 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 30.11.2022 № 965 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.02.2023 № 133; 15.03.2023 № 217; 02.05.2023 № 347 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 11.05.2023 № 361; 04.08.2023 № 644; 01.09.2023 № 762 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.09.2023 № 835; 12.03.2024 № 169; 27.04.2024 № 342; 09.07.2024 № 538 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

3-тарау. Министрдің мәртебесі, өкілеттіктері

16. Министрлікті Министр басқарады, ол жүктелген міндеттердің орындалуына және өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Министр Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Министрдің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Министрдің өкілеттіктері:

1) реттелетін саладағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

2) өз орынбасарының өкілеттіктерін айқындайды;

3) ведомстволар актілерінің қолданылуын толық немесе ішінана тоқтатады немесе тоқтата тұрады;

4) Министрлік атынан Қазақстан Республикасының Парламентінде, мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда өкілдік етеді;

5) Министрліктің жұмыс регламентін бекітеді;

6) Министрлікке келісуге келіп түсken нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келіседі және қол қояды;

7) Министрлікте сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша шаралар қабылдайды және оған дербес жауапты болады;

8) Үкімет тиісті шешім қабылдаған жағдайда жарғылық капиталына мемлекет қатысатын коммерциялық ұйымның басшылық органдының немесе қадағалау кеңесінің құрамына кіреді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Министр болмаған кезенде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Министр өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

21. Министрліктің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын аппарат басшысы басқарады.

4-тарау. Министрліктің мүлкі

22. Министрліктің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Министрліктің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Министрлікке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Министрліктің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге құқығы жок.

5-тарау. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату

25. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

Ескерту. Тізбеке өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.02.2022 № 51; 11.07.2022 № 471; 05.08.2022 № 535; 05.08.2022 № 540 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз); 31.10.2022 № 857; 30.11.2022 № 965 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін

күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2022 № 1080 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 31.12.2025 дейін қолданылады) ; 27.04.2024 № 342 қаулыларымен.

1. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Акционерлік қоғамдар

- 1) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 05.08.2022 № 540 қаулысымен;**
- 2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.
- 3) "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы;
- 4) "QazInnovations" инновацияларды дамыту жөніндегі ұлттық агенттігі" акционерлік қоғамы.

Респубикалық мемлекеттік кәсіпорындар

- 1) Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің "Мемлекеттік радиожиілік қызметі" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорны;
- 2) Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің "Цифрлық үкіметті қолдау орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорны;
- 3) Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің "Респубикалық электрондық денсаулық сактау орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорны;
- 4) Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің "Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорны.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті

Акционерлік қоғамдар

- 1) "Байтерек" Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны" акционерлік қоғамы;
- 2) "Респубикалық ғарыштық байланыс орталығы" акционерлік қоғамы;
- 3) "Қазақстан Ғарыш Сапары" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы;
- 4) "Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы" акционерлік қоғамы.

Респубикалық мемлекеттік кәсіпорын

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитетінің "Инфракос" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік қоғамдық мекемесі.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік

- 1) "Фалам" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- 2) "В.Г. Фесенков атындағы астрофизикалық институт" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- 3) "Ионосфера институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- 4) "Фарыштық техника және технологиялар институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Республикалық мемлекеттік мекемелер

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитетінің "Байқонырбаланс" республикалық мемлекеттік мекемесі.

3. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті

Республикалық мемлекеттік мекемелер

- 1) "Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары бойынша өніраалық байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 2) "Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Абай, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстары бойынша өніраалық байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 3) "Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Атырау облыстары бойынша өніраалық байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 4) "Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Шымкент қаласы және Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстары бойынша өніраалық байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 5) "Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Алматы қаласы және

Алматы, Жетісу облыстары бойынша өніраралық байланыс инспекциясы" респубикалық мемлекеттік мекемесі;

6) "Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Астана қаласы және Ақмола, Қарағанды, Ұлытау облыстары бойынша өніраралық байланыс инспекциясы" респубикалық мемлекеттік мекемесі.

4. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Геодезия және картография комитеті

Ескерту. 4-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 27.04.2024 № 342 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2019 жылғы 12 шілдедегі

№ 501 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1. "Респубикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін респубикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысадын мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне";

реттік нөмірлері 375-13, 376 және 376-1-жолдар алып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитетіне" деген кіші бөлімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитетіне";

"Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігіне" деген бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 389-3, 389-4 және 389-5-жолдармен толықтырылсын:

"389-3. "Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan Engineering)" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы;

389-4. "Әскери-стратегиялық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамы;

389-5. "Қазтехнологиялар" акционерлік қоғамы.".

2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2005 ж., № 14, 168-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ережеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі – агроОнеркәсіптік кешен, суармалы егіншілік және мелиорация, жер ресурстары саласында басшылық жасауды, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде өзінің құзыретіне жатқызылған қызмет саласында (бұдан әрі – реттелетін сала) мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің миссиясы – мемлекеттік саясатты тиімді қалыптастыру, үйлестіру және іске асыру жолымен агроОнеркәсіптік кешенниң бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жер ресурстарын басқару үшін жағдай жасау.";

15-тармақтың 11-2) тармақшасы алып тасталсын;

16-тармақтың 434-12), 434-15), 434-16), 434-17), 434-18) және 434-19) тармақшалары алып тасталсын;

17-тармақта:

397), 411-15) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"397) құзыреті шегінде жер заңнамасы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды;";

"411-15) құзыреті шегінде анықталған жер заңнамасы саласындағы заңнаманы бұзушылықтарды жою бойынша орындалуы міндетті нұсқамалар береді;";

411-5), 411-6), 411-7), 411-8), 411-9), 411-10), 411-11), 411-12), 411-17), 411-19), 411-20), 411-21), 411-23), 411-25), 411-26), 411-28), 411-29), 411-30), 411-34) тармақшалар алып тасталсын;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

"Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар" деген бөлімде:

22, 23-тармақтар алып тасталсын.

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.10.2020 № 714 қаулысымен.

4. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., № 59-60, 555-күжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ережеде:

1-тармақ 6) тармақшадағы "жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік атқарушы органы болып табылады." деген сөздер алғып тасталып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік атқарушы органы болып табылады.";

2-тармақ мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті.";

15-тармақ мынадай мазмұндағы 38-3) және 38-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"38-3) жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру;

38-4) мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту,";

16-тармақ мынадай мазмұндағы 339-84) – 339-102) тармақшалармен толықтырылсын:

"339-84) мемлекеттік материалдық резерв жүйесін басқару;

339-85) броньнан шығару тәртібімен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың және олардың салдарының алдын алу және жою жөнінде шаралар қабылдау үшін азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын шығару туралы шешімін келісу;

339-86) броньнан шығару тәртібімен әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың және олардың салдарының алдын алу және жою жөнінде шаралар қабылдау үшін мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын шығару туралы әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі уәкілетті органның шешімін келісу;

339-87) шығарылатын материалдық құндылықтарды алушыларды – сауда қызметінің субъектілерін, сауда үстемесінің көлемін, бағасын және мөлшерін көрсете отырып, нарыққа реттеушілік әсер ету үшін мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын шығару қажеттілігі туралы сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның және агрономеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның ұсынысын келісу;

339-88) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау нормативтерін бекіту;

339-89) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен келісу бойынша мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттерінің тізбесін бекіту;

339-90) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының орнын ауыстыру туралы шешім қабылдау;

339-91) мемлекеттік материалдық резервке материалдық құндылықтарды жеткізуге тапсырысты орналастыру;

339-92) Қазақстан Республикасының жұмылдыру жоспарын және тиісті кезеңге арналған тауарларды өндіру, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету жоспарын мемлекеттік органдардың қатысуымен әзірлеу, мемлекеттік органдардың, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдіктерінің жұмылдыру жоспарларын келісу;

339-93) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау номенклатуrasesы мен көлемі жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыруға қатысу;

339-94) мемлекеттік органдардың жұмылдыру даярлығы саласындағы қызметін үйлестіру;

339-95) жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру саласында зерттеулерді ұйымдастыру;

339-96) жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру саласында әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

339-97) жұмылдыру органдары мамандарының біліктілігін арттыруды ұйымдастыру ;

339-98) жұмылдыру тапсырыстары бар ұйымдар банкрот болған, қайта ұйымдастырылған, таратылған, олардың жұмыс бейіні өзгерген кезде мемлекеттік органдардың ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгіленген жұмылдыру тапсырыстарын алып тастау және беру туралы ұсыныстар енгізу;

339-99) Қазақстан Республикасында жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру қағидалары мен Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайынғы баяндамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығын бағалауды жүзеге асыру;

339-100) әскери-экономикалық және командалық-штабтық оқулар өткізу;

339-101) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың әскери міндеттілерді броньдау бойынша жұмысын үйлестіру;

339-102) уәкілетті органға тұтынушылар құқықтарының бұзылуы туралы келіп түсken өтініштер бойынша және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы қызмет туралы жыл сайынғы ақпаратты – есептік жылдан кейінгі жылдың 1 наурызынан кешіктірмей және жартыжылдық ақпаратты ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен кешіктірмей ұсыну;" ;

17-тармақ мынадай мазмұндағы 266-73)-266-92) тармақшалармен толықтырылсын:

"266-73) мұдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен мемлекеттік материалдық резервтің номенклатурасы мен материалдық құндылықтардың сақталу көлемдері бойынша ұсыныстар өзірлеу және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізу;

266-74) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде сауда қызметінің субъектілерімен шарттар жасасу арқылы нарыққа реттеушілік әсер ету үшін мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару;

266-75) мемлекеттік материалдық резерв жүйесін басқаруды жүзеге асыру;

266-76) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен келісу бойынша мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттерінің тізбесін өзірлеу;

266-77) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарымен операциялар жүргізудің тиісті қағидаларын өзірлеу және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсыну;

266-78) жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын пайдалану қағидаларын өзірлеу;

266-79) гуманитарлық көмек көрсету қағидаларын өзірлеу;

266-80) жаңарту тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын шығару туралы шешім қабылдау;

266-81) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтауды және жаңартуды ұйымдастыру;

266-82) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын орналастыру, сақтау, толықтыру, орнын ауыстыру, жаңарту және нысаналы пайдалану кезінде нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;

266-83) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының орнын ауыстыруды қамтамасыз ету;

266-84) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын орналастыруды, сапалық және сандық жағынан сақталуын есепке алуды және бақылауды қамтамасыз ету;

266-85) қарызға беру тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын шығару туралы алушылармен шарт (келісімшарт) жасасу;

266-86) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарымен жасалатын операцияларға қатысуышылармен жасалған шарттардан туындайтын талаптар бойынша борыш пен тұрақсыздық айыптарын өндіріп алуды жүзеге асыру;

266-87) тиісті мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары мен мамандарын мемлекеттік материалдық резерв саласында түгендеу жүргізуге тарту;

266-88) сақтау пункттерінде сақтауда тұрған мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының сақталуына түгендеу жүргізу;

266-89) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау және пайдалану тәртібін бұзуда кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту туралы мәселені шешу үшін тексеру (ревизия) материалдарын құқық қорғау органдарына жіберу;

266-90) мұнай өнімдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын мұнай өнімдерін жеткізу жөніндегі бірыңғай оператордан сатып алу;

266-91) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының есебін жүргізу;

266-92) мемлекеттік резерв номенклатурасын толықтыру мақсатында жұмылдыру резервінің броньнан шығарылған материалдық құндылықтарының орнын ауыстыру туралы шешім қабылдау;";

мынадай мазмұндағы бөлімдермен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің қарамағындағы респубикалық мемлекеттік мекемелердің тізбесі

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі "Микрография ғылыми-зерттеу институты" респубикалық мемлекеттік мекемесі.";

"Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің "Резерв" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорны.".

5. "Фарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиар мен "Фарыш объектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік" екінші санаттағы рұқсатын беретін уәкілетті органды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 437 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2015 ж., № 33, 228-құжат):

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиар;

2) Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті "Фарыш объектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік" екінші санаттағы рұқсатын беретін уәкілетті орган болып айқындалсын.".

6. "Байланыс саласында қызметтер көрсету бойынша қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиарды және байланыс саласындағы екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті органды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 16 шілдедегі № 543 қаулысында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті:

1) байланыс саласындағы қызметтерді көрсету бойынша қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиар;

2) осы қаулыға қосымшага сәйкес байланыс саласындағы екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті орган болып айқындалсын".

7. "Экспорттық бақылау саласында рұқсат беру құжаттарын берудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1083 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2015 ж., № 72-73-74, 542-құжат):

1-қосымшада реттік нөмірі 9-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 9. | "Экспорттық бақылауга жататын өнімнің номенклатурасын (тізімін) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 5 ақпанды № 104 қаулысына сәйкес экспорттық бақылауга жататын өнім: 1-санат бойынша өнім - "Материалдар, химикаттар, микроорганизмдер" мен "ұыттар"; 9-санаттағы өнім - қозғалтқыш құрылғылары, гарыш аппараттары мен қосалқы жабдықтар; Әскери тізім бойынша өнім | 1-санат бойынша: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі; 9-санат бойынша: Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті; Әскери тізім бойынша: Қазақстан Республикасының |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

".

2-қосымшада реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 5. | Тізімдері, тізбелері экспорттық бақылаудың халықаралық режимдерінде белгіленетін зымырандық техника, қозғалтқыштар, олардың компоненттері, зымырандық техника жасау кезінде қолданылатын жабдық, материалдар мен технологиялар | Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық министрлігінің Көлік комитеті |
|----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

".

8. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 қантардағы № 39 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2016 ж., № 7, 31 -құжат):

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету, сондай-ақ орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді, коммерциялық ұйымдар болып табылатын занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді жүзеге асыру қоғам қызметінің негізгі нысанасы болып айқындалсын.";

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын беруді;".

9. "Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланатын интернет-ресурстар мен ақпараттық жүйелердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 наурыздағы № 137 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2016 ж., № 19, 95-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланатын интернет-ресурстар мен ақпараттық жүйелердің тізбесінде:

реттік нөмірі 19-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|------|-----------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------|
| 119. | "Халыққа қызмет көрсетеу орталықтарының ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі" | жеке және занды тұлғалар халыққа қызмет көрсетеу орталықтарында алған қызметтер туралы | Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі |
|------|-----------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------|

".

10. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 862 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2019 жылғы 12 шілдедегі

№ 501 қаулысына

1-қосымша

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің қайта аталатын аумақтық бөлімшелері – респубикалық мемлекеттік мекемелерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары бойынша өніраалық байланыс инспекциясы" респубикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары бойынша өніраалық байланыс инспекциясы" респубикалық мемлекеттік мекемесі.

2. "Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары бойынша өніраалық байланыс инспекциясы" респубикалық мемлекеттік мекемесі - "Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары бойынша өніраалық байланыс инспекциясы" респубикалық мемлекеттік мекемесі.

3. "Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Атырау облыстары бойынша өніраалық байланыс инспекциясы" респубикалық мемлекеттік мекемесі - "Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар

комитетінің Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Атырау облыстары бойынша өніраалық байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

4. "Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Шымкент қаласы және Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстары бойынша өніраалық байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі - "Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Шымкент қаласы және Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстары бойынша өніраалық байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

5. "Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша өніраалық байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі - "Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша өніраалық байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

6. "Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Астана қаласы және Ақмола, Қарағанды облыстары бойынша өніраалық байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі - "Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы және Ақмола, Қарағанды облыстары бойынша өніраалық байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2019 жылғы 12 шілдедегі

№ 501 қаулысына

2-қосымша

Қайта аталатын мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің "Қазарнаулық экспорт (Казспецэкспорт)" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны – Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің "Қазарнаулық экспорт (Казспецэкспорт)" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

2. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің "Мемлекеттік радиожиілік қызметі" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны – Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің "Мемлекеттік радиожиілік қызметі" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

3. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитетінің "Инфракос" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитетінің "Инфракос" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

4. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитетінің "Фарыш-Экология" ғылыми-зерттеу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитетінің "Фарыш-Экология" ғылыми-зерттеу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

5. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің "Қазгеодезия" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Геодезия және картография комитетінің "Қазгеодезия" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

6. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің "Ұлттық картографиялық-геодезиялық қоры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Геодезия және картография комитетінің "Ұлттық картографиялық-геодезиялық қоры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

7. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің "Резерв" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің "Резерв" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 12 шілдедегі
№ 501 қаулысына
З-қосымша

Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен қатысу үлестерін иелену және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен оның ведомстволарына берілетін занды тұлғалардың тізбесі

1. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне:

Акционерлік қоғамдар:

"Зерде" ұлттық инфокоммуникациялық холдингі" акционерлік қоғамы;

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитетіне:

Акционерлік қоғамдар:

"Бейтерек" Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны" акционерлік қоғамы;

"Республикалық ғарыштық байланыс орталығы" акционерлік қоғамы;

"Қазақстан Ғарыш Сапары" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы;

"Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы" акционерлік қоғамы.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік:

"Фалам" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2019 жылғы 12 шілдедегі

№ 501 қаулысына

4-қосымша

Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен қатысу үлестерін иелену және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігіне берілетін занды тұлғалардың тізбесі

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігіне:

Акционерлік қоғамдар:

"Әскери-стратегиялық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамы;

"Қазтехнологиялар" акционерлік қоғамы;

"Қазақстан инжинириング" (Kazakhstan Engineering)" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы.